

Сырбай Мәуленов

Сырбай Мәуленов

- **Сырбай Мәуленов** (17.9.1922 ж. туған Қостанай облысы; Жанкелдин ауданы; Торғай поселкесі; — 1993) — ақын. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген (1973). 1943 — 1950 Қостанай облысы радиокомитетінде редактор болған.



- "Большевиктік жол"
(қазіргі "Коммунизм
таңы") газетінде бөлім
меңгерушісі,
редактордың
орынбасары, 1951 — 1955
жылы . Қазақ
мемлекеттік көркем
әдебиет баспасында
редакция меңгерушісі,
1957 — 1961 жылы
Қазақстан Жазушылар
одағында әдеби кеңесші;
"Қазақ әдебиеті"
газетінде бас
редактордың
орынбасары.



- С. Мәуленов — қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. Өлеңдері қазақ поэзиясының лирика жанрын дамытуға елеулі үлес ретінде қосылды. Шығармаларында туған жер, замандас және оның жасампаз еңбегі жарқын жырланады. "Жолдас" (1954), "Жас жүрек" (1956), "Жол үстіндегі жалындар" (1963), "Жұлдыз жырлар" (1963), "Қызыл арша" (1969), "Боз қырау" (1976), "Тау гүлдері", "Шалқар", "Жалын" (үшеу де 1979). "Жаңбырсыз күз" (1980), өлеңдері "Шуақ", "Алтын тасқын" өлеңдер мен поэмалары (екеуі де 1981); "Жұлдыз жүрек" (1985) жинақтары шықты.

- Ақын кітаптары сыншылар тарапынан жоғары бағаланды . (1958) жылы "Таңдаулы өлеңдер" атты таңдамалысы, 1966 жылы "Шаңқай түс" жинағы, 1972 жылы "Тандамалыларың" 2 томдығы басылып шықты . Оның "Жаңа көктем" (1956), "Дала таңы" (1957), "Көгілдір таулар" (1964), "Жер нәрі" (1970), "Апрель жапырақтары" (1972), "Таңдамалы лирикалары" (1967), "Тандамала лирикалары" (1972), "Жапырақтар жанады" (1972), өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды. 1981 — 1984 ж. "Таңдамалы шығармалары", "Алтын тасқын" 1-т. 1981, "Өлеңдері" 2т.-1983; "Өлеңдері", 3т. 1984 жарияланады. Мәуленов — белгілі журналист бола отырып мерзімді баспасөзге белсене қатысты, көптеген публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды.

- "Жар нәрі" атты әдеби портреттер мен очерктер жинағында 1966 республика еңбекшілерін халық шаруашылығын өркендетудегі еселі еңбегін туысқан республикаларға барған сапарларынан алған әсерлерін суреттейді. "Ал Үркер төбеде тұр" 1971 жыл кітабы естеліктер мен портреттерден этюдтерден құралған. Бұл жинақта Абай, Ыбырай; Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қ. Аманжолов, Н.С. Тихонов, М. Тұрсын-заде тағы басқа өмір жолын қысқа әрі көркем бейнеленген. Шындағы шұғыла атты мақалалар мен очерктер жинағында 1972 Отанымыздың 50 жыл ішіндегі қол жеткен табыстары баяндалған.

- Мәуленов балаларға арнап "Барлаушы бал" (1961), "Құлыншақ", "Бала жолбарыс" (екеуі де 1963), Амангелді Имановтың балалық шағы туралы "Қорқақ торпақ" (1968) тағы басқа өлеңдер мен әңгімелер жазды.
- Мәуленов орыс және туысқан халықтар әдебиетінің классиктері А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.А. Некрасов, Т.Г. Шевченко, В.В. Маяковский, А.А. Блок, С.А. Есенин, Н.С. Тихонов, М.А. Шолохов, Ә. Науаи тағы басқа шығармаларың қазақ тіліне аударды.
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). 1-дәрежелі Отан соғысы; "Қызыл Ту", "Халықтар Достығы", "Құрмет Белгісі" ордендерімен және медальдармен марапатталды.

- *Сырбай Мәуленов 1922 жылдың 17 қыркүйегінде Қостанай облысының, Жангелдин ауданының, Торғай кентінде туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Ұлттық университетін бітірген. 1943-1950 жж. Қостанай облыстық радиокомитетінде редактор, "Большевиктік жол" газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1951-1955 жж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакция меңгерушісі, 1957-1961 жж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, "Қазақ әдебиеті" газетінде бас редактордың орынбасары, 1964-1971 жж. "Жұлдыз" журналының, 1955-1957, 1971-1977 жж. "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы болды*

- Тұңғыш өлеңі Жамбыл облысының "Колхозшы" газетінде 1937 жылы жарияланса, "Өлеңдер" атты алғашқы жинағы 1948 жылы жарық көрді. Қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. "Тандаулы өлеңдер" атты тандамалысы (1958), "Шаңқай түс" жинағы (1966), "Тандамалылары" (2 томдығы, 1972), 1982-1984 жж. үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Оның "Жаңа көктем" (1956), "Дала таңы" (1957), "Көгілдір таулар" (1964), "Жер нәрі" (1970), "Апрель жапырақтары" (1972), "Таңдамалы лирикалары" (1972), "Жапырақтар жанады" (1972) атты өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды.

• Назарларыңызға
рақмет!!!